

## ● Қажылық сапар

Алматыдан шобып шыққан ұшаққара түнді қақ жарып заулап келе жатқанын іштей ғана сезесің. Поезда бір күпеді болғандар енді әр жерге жайғасыптыз. Жұрттан бұрын жол ырымын жасап, қой басын тартқан Нүркендік Жолжақсы ақсақал мен Ораз бас изеседі. Бағытымыз Стамбул. Бірқалыпты отырыстан аяқ ұйып, бел сыр берген шақта құлдыраған төменнен ауыл, қалалардың жарығы көріне бастады. Ұшақтың терезесіне жармастық. Түркия жері. Қала атаулының сансыз көшелеріне дейін жамыраған жарық. Он бір шақырым биіктен талай қала, қалашықтар көзге түскен. Қала мен қаланың арасындағы тасжолдардың бойының үзілмес жарығы тізбектеле жалғасып, түрік жерін інжу-моншаққа бөлеп тастағандай.

Осыны көргенде жарық атаулысы жалп етіп сөніп қалып жататын біздің ел еске түседі. Кешегі КСРО тұсында қыстақ-қыстаққа тартылған тоқ жүйесін ұрлап құртты. Тоналып жатқан жаудың еліндей санап, «мынауың не?» деген әкімді

де, прокурор-милицияны да көрмегенімізге ішің ашиды. Енді ол қалпына келер ме? Жағдайы кеткен қыстақ-қыстақты ел де тастап көшіп кетті.

Стамбұлдан Боингіміз Мәдинаға тартты. Көгілдір түстегі Жерорта теңізінде, қар басқан Египет тауларын да көктей өтіп, Араб жеріне іліктік. «Мәдина» шаһарына қонуға бет алғанымыз хабарланды. Шоқының басына салынған үйлерді көріп «ананы қара» десіп таң қалып келеміз. Түпкі тәуел ететін жеріміз Мекке қаласы болғанымен, қажылық сапарымыз осы Мәдинадан басталмақ. Қасиетті Мекке қаласының үстінен құстан басқа ештеңенің ұшып өтуіне рұхсат жоқ. Алланың назары түскен жерді, қасиетті Қағбаны құрметтеудің мұндай үлгісі мұсылмандық тәубаңды

индонезиялықтың жап-жас жігіті, не келіншегінің құранды ала салып, суылдатып оқи бастағанын көргенде біз, қазақтар, құранның бетін

аша алмай, ұялғанымыздан жерге кірердей болдық. Діні де, салты да бөлек анау неміс пен поляк, анау кәріс пен американдық құранды қалай игеріп алған, мұсылман-быз дейтін біздің кейпіміз мынау. Осы мұсылман дініне үгіттеу бізде бар МА? Әлде мұсылманның бәрін шет ел айтты деп террорист қылып көрсетіп жүрміз бе? Әйтеуір, жаттанды



талпынысымыз құр кеткен жоқ. Тор көз қоршаудың ішіне үңілген де, тілек тілеген де жұртта шек жоқ. Соның бірі біз. Сол маңда

бұрылған себепті бұл мешіт қос құбылалы мешіт атанған.

Бір кезде қаладан бір сағаттық жолда болған құба мешіті бұл күнде қалаға қосылып кеткен десе болады. Меккеден Мәдинаға келе жатқан жолында ұлы пайғамбар осы жерде демалыстап, осы мешіттің іреесін өзі қаласқан екен. Бүгінде жаңырып жатқан мешіт әлемдегі төртінші мешіт болып есептеледі екен. Мұхаммед с.ғ.с-ның өз қолымен отырғызған құрма ағашының бақ-

Мына даланың сырын мен сипатын біліп алайын дегендей терезеден көз алмаймын. Жай ырғап тербеген автобус ішіндегі көбі ұйқыға кеткен. Біраздан кейін оң жақ қапталдан басталған тау жоталары ұзақ уақыт бізбен жарысып отырды. Әредік көзге түскен шыңдары да әсем екен. Біздің қазақтың Қара тауы сияқты екен деген ой келе берді. Онан әрі де ірілі-ұсақты шоқылар басталған. Мидай далада көкке мойынын созып, шаншылып тұрған мынау біреусі құдды Ақшатаудан бергі Толағай. Жермен жердің ұқсастығы-ай дей бергеніміше келесі көрінген жалғыз тау өзіміздің Аюлы. Әй, анау Қарқаралы таулары ғой деймін іштей.

Екі қаланың арасындағы осы жолда біз төрт рет бөгелдік. Шындығына келсек Меккеге тез барсақ деген біз бұған риза емес едік. Әлде бір кафе - не асханаға тоқтап қаламыз.

Түсіңіздер,- дейді Королдің сіздерге арналған сый тамағын ішесіздер.

Әуелде таңдандық. Келесіде етіміз үйренді. Бұл жалғыз бізге емес, қажылыққа келген миллиондаған адамға Араб елі патшасының қалтасынан шығарып жасаған құрметі екен. Қанша асықсақ та, ішерге жер болмаса да асты аттап кету қазақы дәстүрімізде жоқ халықтыз, оған да көндік.

Қасиетті Меккеге түнде жеттік. «34» деген нөмірі бар жерде құжатымызды реттеп, онан мейманханаға орналасқанша түн жарық болды. Орналасқан жеріміз тағыда түріктің мейманханасы. Мәдинадан шығарда, манағы таңертеңгі сегізге, жуынып шайынып ихрамға кіргенбіз. Анадан шыр етіп дүниеге келген қалпымыздағы бойымызбен үстіге метр жарымнан асатын екі бөлек аққа орандық. Белімізден оранған бөлігі тобыққа дейін түссе, ықты жапанның екі ұшын белдіктің асты-

оншақты аят-сүреңізді малданған болдық. Әйтеуір, көліміз таза, бір Алланың қаһарынан қорқып, мейірінен үміт етеміз.

Намаз соңынан жұрт сыртқа беттеген. Сол халықтың ортасын ала қақта алдына зорға шығып үлгергенмін. Мешіт алдындағы алаң иін тірескен халыққа сықап тұр. Одан арғы біздің мейманханаға қарай ұындығы екі шақырымнан асатын кең көшенің бойы жөкілген адам-дариясына толы екен. Басқа қақпалардан шығып жатқан жұрттың да бұан кем емес екеніне күмән жоқ. Сансыз тіл, сансыз ұлт. Бірақ бәрін біріктірген ислам діні, адамдық қасиет, бір Алланың күретіне мойынсұып, жер бетіндегі өмірін тазылықпен, пәктікпен өткізсем деген ниет.

Бар әлемді тәубаға шақыр-

тұған полицейлер тезірек өтіп, басқаға жол берумізді өтінеді. Түннің осы уағында да ағылған елдің шегі көрінбейді.

Бұл жалғанда «ұлы» деп табылған талай жан бар. Бірақ әлемнің бар ұлысының да, бар пайғамбарының да Мұхаммед с.ғ.с-ға теңдесері жоқ. Құран өткен шақ, Құран болашақ, Құран бар ғылымның негізі. Бүгінгі табылған ғылыми жаңалықтардың бар негізі Құранда тұрғанын әлем мойындап болған. Миллиардтардың жүрегіне енген Алланың сөзін жеткізуші Мұхаммед с.ғ.с. Алланың ерекше жаратқан адамы екеніне шөк жоқ.

Ұлы пайғамбарға мінәжат

# ӘЛЕМ АСТАНАСЫНДА

оята түскендей.

Қажылық сапарға Қарағандыдан аттанған 87 адам едік, жолшыбай Алматы жақтан оншақтыдан аса кісі қосылып, жүзден аса жығылды. «Қызмет саяхат» фирмасының басты өкілі Шыңғыс, Амантай деген азаматтар болса, біздің топтың жетекшісі Ақылбек. Аэропортта бар құжаттымыз тексеріліп болған соң орналасқан жеріміз түріктің мейманханасы да 3 не 4 орындық бөлмеге

6 не 7 кісіні сығып жіберген. Біз мұнда жайлы орын іздеп келген жоқпыз-ау, дегенменде... Әйтеуір аспаз Қайрат деген өзіміздің жігіт. Мейманхана мен Ұлы Пайғамбар мешітінің арасы шақырымдық жер. Пайғамбар мешітінің бастауы пайғамбар заманынан келе жатса, соны әр дәуірде ұлғайтып, бүгінгі күні бір миллион адам сиятындай дәрежеге жеткізген. Аумағы ат шаптырым мешіттің ішінде мыңдаған мәрмәр колонналар. Әр колоннаның үсті айшықталып-жабылатыны біраз таңдандырған. Аяғымыздың асты ақ мәрмәр, сансыз кілем. Үшінші қабаттың үстінде сыйымдылығы, бірінші қабаттағыдай кең атшаптырым алаңға мәрмәр төселген. Осыншама тас пен жүздеген мың адамның салмағын көтеретіндей етіп салынған алып құрылысты салушылардың есебіне ризасың.

Бес уақыт намазды осы мешітте оқуға міндеттісің. Өзің үшін де, ата-анаң, бабаларың үшін де сансыз дұға қайырып, бір Алладан жақсылық тілейсің. Намаз уағында мешіттің іші түгілі, айналасындағы кең алаңда тізе бүгер жер таппайсың. Алғашқы азан-шақыру белгісі. Мешіт ішінде тізе бүккен жұрт әр коллонаға қойылған көп Құранның бірін алып, керекті дұғасын оқи бастайды. Ісі немістің, ағылшын, француздың, не негр,

ған азан үнінде кереметін осы жерде түсініп жатыр... Ал, сен бойыңа тарап, қаныңа сіңген әсем де, мұңлы да, әршіл де осы үннен жүрегің шымшып, езілген халдесің. Бұл «боже храни» деп өгізше... әлемді тебнердірген, адамзатты пектікке шақырып, адам ұрпағының жер бетінде мәңгі болуына шақырған үн. Сенің жүрегің соны құптаған. Шетте сонау 1938 жылы туғанын жыр қылып айтады.

Бектұр Тентек (Шахтинск) қаласында мешітте найб имам. Көрпелбайдың Серігі Қарағандылық бизнесмен. Мешітке жаяу барамыз, мешіт ішінде жалаңаяқпыз. Қанша жылы дегенмен күн көзі түспейтін мешіт ішіндегі мәрмәр тас ызғарлы. Екінші күн оң аяғым бастырмай қалды. Баяғы жас кездегі «жау элемент» боп лагерде жүргендегі тартқан азап, енді буын-буыннан ұстай бастап еді, бұл жерде де қапысын тапты. Қиналған тұста бірер рет қана жүз көріскен Ақтөбелік Нұрмұхан деген азамат «осыны жағыңызшы, жазылып кетесіз» деп дәрісін берді. Бектұрдың бәйбішесі Машау да дәрі беріп жатыр. Ата-бабамыздан қалған қазақы бауырмалдықты бұл жерде мұсылман дінінің көкіректі аша түскен иірімі қозғай түскендей.

Ұлы пайғамбардың мұрдесі мешіттің жасып күмбезінің астында. Мұнда жиналған миллиондаған адамның бәрі де қабіріне бас иіп өткісі келеді. Ол жердің де бүгінгі ұрпақ үшін ашылатын уақыты бар. Түңгі бірден асатын мезгілде сол маңнан табылды. Халықтың алды кең коридорға кіріп те жаттыр екен. Сығылысқан елдің ортасына кіріп те кеттік. Ұлы адамның жатқан жері қоршаулы. Жақынырақ өтсек деген

ететін ерекше орын Хужре и Сағдатқа жақын орын. Көп болса 150-200 адам сиятын жерге мың кісі кірген десе артығы жоқ. Жаныңа түскен қолыңды қайтіп суырып көтеруге мүмкіндік жоқ тығыздық. Әркімнің-ақ мінбе шариф тұрған жерге тәуап етіп, намаз оқығысы келеді. Ұлы пайғамбардың «менің мінберім жәннат есіктерінің бір есігінің үстінде тұр» дегені бар. Бір рет

пайғамбар жатқан Итикаф тірегінің маңына зорға жеттік. Торкөз керегені қорғаған полициелер аса жақындалуға ынталы емес. Мен қазақты айта жүріп ынтасын аудардым білем, қос қарыстай жерді босатып беріп, Ұлы пайғамбардың қабірінің іргесінде отыруыма рұхсат берген. Сол бар жерде отырып намаз да оқып, адам ұрпағына, еліме жақсылық тілеп дұға да жасауға мүмкіндік болғанына Аллаға ризамын.

Мәдина Ухūd тауының баурайында орналасқан. Бір биігі бір шыңынан асқан Ухūd тауы да көркем. Ухūd уақиғаға бай тау. Сонау мұсылман діні бастау алып, Мәдинада өріс алған мұсылмандық жолға қарсы шыққан мүшіріктер қапыда Мәдинаны басып алмақшы да болған екен. Қаланың іргесінде, осы таудың баурайында Алланың ақ жолы мен мүшіріктер арасында қырғын соғыс болған. Мұсылманның жеті мың азаматы, оның ішінде Мұхаммед с.ғ.с.нің немере ағасы Хамза осы ұрыста қаза болған. Ұрыс болған жерді де, шейіт болғандардың мәңгілік орынын да көріп, дұға жасадық.

Мынау қос құбылалы мешіт дейді жетекшіміз Ақылбек. Мұсылмандықтың алғашқы кезеңінде намаз әл Ақса мешітіне қарап оқылса керек. Осы мешітте бір күні намаз үстінде пайғамбарға Уахи келіп, бет Қағбаға

рет Әлінің жұбайы Фатима анамыздың да осында жерленгенін естулімін. Арабтар бірәк көк тас қоймайды екен. Бірте-бірте жылаған жігіттің де жанына жеткенмін. Орта бойлы, қара торы өнді жігіттің жүзі дөңгелек бетке жақын десе болады.

Мен қазақтың... Қазақстан, - деймін. Ишаралап жөн сұраймын.

Фатима, -деп таспен қоршалған мазар орнын нұсқады.

Фатима: - деп таңданған үніме ол да таңдана бет бұрды да:

Анау Зейнелғабиден... Имам Бәкір ... Жағыпар Садық, - деп созды.

Япыр-ау, Хазірет Әлі бабамыздың ұрпақтарын айнақатесіз айтып тұрған бұл кім деп бетіне қарай бердім. Хазірет Әлінің үнді болып кеткен ұрпағы ғой бұл.

Инғлиш, - дейді ол, Ағылшыниша білесің бе? - дегенді меңзеп. Басымды шайқаймын. Аудармашы және жоқ. Қол қысысып қолтасқаннан басқаға бара алмадық.

Мәдина мен Меккенің арасы 450 шақырым. Төрт қатар әрі, төрт қатар беріге беттеген тас жол айнадай. Жолаушылар тиген автобустарға 80-90 километр асырмауға нұсқау берген. Біз қанша асықсақта жүргізуші сол жүрісінен бір жаңылмады. Екі қаланың арасы таулы аймақ. Бірақ біздегідей бір өрлеп, бір құлдилап жатқан асу - белдер көрінбейді. Мұның да сырын жүре келе ұқтық Асу - асу, бел белдердің арасының биіктігін аласартып тып-тыпыл етіп, бірдей етіп жіберген екен. Бірде, тіпті, ұшақтың ішінде отырғандай құлағым бітіп қалды. Сөйтсек, ой-қырды теңестірген жол соншама биікке көтерілген екен.

на қыстырғанбыз. Ихрам ахреттің белгісі. Ихрам киенің дүниеауы жаман істерден біржолала аулақ болуға берген сертің. Сәби қандай пәк болса сенде сондай таза пейілдесің.

Сол бетімізде, түн ортасында қасиетті Қағбаға тәуап етуге бардық. Түн ғой, адам аз шығар деген ниетте едік. Қағбаны айналып жүрген қалың нәпір жұртты көргенде көбінің жүрегі

келген бетте екі қолды көкке көтеріп, жүріп бара жатқан бетте «Аллаһу әкбар» деген мына сан жетпес көпір жұрттың үнінен әлем дірілдегендей. Жолжақсы мен Ораз ақсақалды ертіп, Аллаға сыйынып, бізде сол ортаға кіре бердік.

Жеті айналым бір тауаф. Қанша жүрексінекте Қағбаны алғашқы рет айналған соң орта тұсқа іліктік. Мұнда өте тығыз. Әсіресе Ибраһим тасының тұсында сығып жіберді. Судан суырып алған балықтай аузымызбен ауа қармаған шақта әлде бір қоңыр леп желпіп өткен. Тыныс кеңіп сала берді. Мұны Ибраһим пайғамбардың Алладан кеңшілікке алған тынысы дейді екен. Шынында ғажап, еш жерде желдеткіш жоқ, тек осы бір жерге қанша рет келсең де қоңыр леп тынысыңды кеңейтіп сала береді.

Менен Ораз ақсақал ұстап алған, онан Жолжақсы ұстаған. Соңымызда Мұрат, Қамытов Аманкелді, Әмірхан келе жатыр еді, шайқалған адам толқыны оларды адастырып әкетті. Үшінші айналымның орта шенінде Қағбаның қабырғасына қол тигізем деген ниет билеп, «ал, кеттік» деп ұмтыла түскен едім, бір топ негір жол ашқандай болды ма, үшеуіміз де Қағбаны қос қолдай құшқан екенбіз. «Япырай, паравозша сүйрей жөнелдің-ау» деп жатыр Ораз.

(Жалғасы келесі санда.)